

ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АУҒЫМЫ АРТУДА

Жамбыл өңіріндегі тарихы терең білім ордасы екі университеттің бірігуі нәтижесінде екі есе өсіп, бір іргелі оқу орнына айналды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің №346 бұйрығымен М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысы қабылданды. Яғни, өңірдегі екі университет – ТарМУ мен ТарМПУ бірігіп, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті атанды.

Тарихқа көз тастайтын болсақ бұл екі университет бұрындары да бірігіп, қайта бөлінген болатын. Осыдан 17 жыл бұрын, яғни 2004 жылы педагог мамандарды даярлайтын оқу орны бөлек болу керек деген ұйғарыммен бөлініп шықты. Енді міне араға жылдар салып оқу орындарының отаулары қайта қосылып, бір білім шаңырағына айналды. Оқу орнының тарихы 1958 жылдан бастау алады.

Тарихы терең көне қала – Тараз төріндегі Дулати университеті 60 жылдан астам тарихы бар іргелі білім мен ғылым ордасы.

Керегесі кеңейіп, ауқымы артқан білім ордасында 963 профессор-оқытушы құрамы студенттерді тәрбиелеп, еңбек етуде.

Ең алдымен сандарды сөйлетсек: университеттің 22 оқу кешені, 3 жатақханасы бар. 500 орындық жаңа жатақхананың құрылысы аяқталуға жақын. Университетте 18 мыңға жуық білім алушы болса, олардың 17 мыңы студент, 600-ден астамы магистрант, 48 докторант. Биыл 4000-нан астам талапкер студент қатарына қабылданды. Олардың 811-і мемлекеттік грант иесі, 15-і жергілікті атқару органынан бөлінген грант иелері. Карантин жағдайында биылғы қабылдау жұмысы жылдағыдан өзгеше

болғаны белгілі. Қашықтан құжаттарды қабылдау, талапкерлермен онлайн сұхбаттасу оңайға түспеді. Осы тұста озық технологияның оңтайлы тұстары баршамызға үлкен көмек болды.

Университетіміздің ресми сайты, әлеуметтік парақшалары арқылы қажетті мәліметті беріп, тікелей эфирге шығып, түсіндіру жұмыстары қызу жүргізілді.

25-қаңтардан бастап 1-курс студенттері аралас оқу форматында оқып жатса, қалған курс студенттері «Платонус», «Сириус» платформалары арқылы қашықтан оқып жатыр. Елдегі жағдайға байланысты алғашында ата-аналарда балаларымыз ауырып қалмас па екен деген күдік болғаны рас. Студенттерді қайта дәстүрлі оқытуға дайындық барысын көріп, күдіктері сейілгендей болды. Оқу ордамызда санитарлық талаптар қатаң сақталуда. Барлық оқу корпусарында дезинфекциялық шаралар тұрақты жүргізіледі. 1-курс студенттері аралас форматында оқитындары туралы да университетіміздің әлеуметтік парақшаларында тікелей эфирге шығып, студенттер мен ата-аналардың сауалдарына жауап бердік. Бұл үрдіс әрі қарай да жалғасады. Яғни, апта сайын кафедра, факультет қызметкерлері тікелей эфир арқылы сұрақтарға жауап беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп тұрады.



Мақаламда білім ордамыздың жеткен жетістігі, бағындырған белестері туралы да сөз қозғасам, бұған дейін де екі университеттің мақтанарлық тұстары болды. Енді осы көрсеткіш екі есе артты, сәйкесінше біз атқаратын жұмыс та екі есе өсіп отыр. Студенттеріміздің сеніміне селкеу түсірмес үшін жұмыс қарқынын күшейтіп, жақсы нәтижеге ұмтылуымыз қажет. Ол үшін бәрімізге ауызбіршілік, күш-жігер, адал еңбек керек. Осы тұста жеткен жетістіктеріміз жайлы айта кеткен артық болмас.

Университет қызметінің жетістігін оның ұлттық және халықаралық деңгейдегі рейтингінен көруге болады.

2013 жылдан бері Дулати университеті Білім сапасын қамтамасыздандыру жөніндегі тәуелсіз агенттіктің (НА-ОКО) «Қазақстанның үздік көпсалалы ЖОО-ның ұлттық рейтингінде үздік 10-тан түскен емес. Сондай-ақ, 2014 жылдан бері Ұлттық бизнес-рейтингте «Сала көшбасшысы» мәртебесіне лайық болды.

Дулати университетінде Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай және Корея елдерінен келген шетелдік студенттер оқиды. Студенттеріміз жыл сайын республикалық және халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздары атанып келеді. 19 білім бағдарламасы бойынша үштілді топтарда студенттер білім алуда. Халықаралық тағылымдамадан өткен 55 оқытушы ағылшын тілінде дәріс береді. Қосдипломды бағдарлама шеңберінде біздің студенттеріміз Браганса политехникалық институтында (Португалия), Люблин политехникалық университетінде (Польша), Алтай мемлекеттік университетінде (Ресей), Мәскеу мемлекеттік Тамақ өндірісі университетінде (Ресей) білім алуда. Жуырда ғана Мәскеу мемлекеттік Тамақ өндірісі университетінде білім алған студенттеріміз дипломдарын алып, елге оралды.

Оқу ордамыз алыс және жақын шет елдегі 83 жетекші университетпен тығыз байланыс орнатты. Айта кететін жай, біздің ғана студенттер шет елден білімдерін жетілдіріп қана қоймай, өзге елдің студенттері де біздің университетке келіп оқып, тәжірибе алмасады. Мәселен, Польша, Германия, Португалия елдерінің студенттері бізде бір семестр оқып, тәжірибе алмасты. Өзара ынтымақтастық туралы келісімшарт негізінде жыл сайын дәріс беретін шетелдік профессорлардың саны артып келеді.

Күні кеше «Мұнай-газ ісі» кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор Қабдушев Арман Арыстанғалиұлының «Дифференциалды қасиеттері бар тампонажды ерітінділер әзірлеу» тақырыбындағы жобасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсынан жеңімпаз атанды.

Нәтижесінде жобаны жүзеге асыру үшін 48,6 млн теңге арнайы грант бөлінді.

Жылда университетіміздің оқытушылары «ЖОО-ның үздік



оқытушысы» мемлекеттік грант жеңімпаздары атанып жүр. 2020 жылдың қорытындысы бойынша төрт оқытушымыз үздік деп танылды. Жылда университетімізден бұл мәртебеге ие болатын оқытушылар қатарының толығы мақтанарлық көрсеткіш.

Студенттеріміз республикалық, сондай-ақ халықаралық жобалардың жеңімпаздары атанып, үміт артқан ұстаздарының сенімінен шығып жүр. 2019 жылы «Enactus Dulaty» командасы ENACTUS KAZAKHSTAN NATIONAL EXPO-2019 Ұлттық кубогының жеңімпазы атанып, АҚШ-тың Сан-Хосе қаласында өткен Әлемдік Чемпионаттың қатысушысы атанды. 2020 жылы

бұл байқау онлайн форматта өтіп, студенттеріміз ENACTUS KAZAKHSTAN Online National Expo-2020 сайысының қорытындысы бойынша жүлделі II орынға ие болды.

Ғылымдағы, оқудағы жетістіктен бөлек, студенттеріміз спорттан да құр алақан емес. «Дулати университеті – чемпиондар шеберханасы» деген ұранымыз тектен-текке айтылмаған. Әр жыл сайын студенттеріміз республикалық, әлем чемпионаттарының жеңімпазы атанып, ел абыройын асқақтатып жүр. Университет озық ойлы, білімді, дарынды жастарды әрдайым қолдайды. Халықаралық, республикалық,



облыстық жарыстарда жеңімпаз және жүлделі орындарды иеленген белсенді спортшы-студенттеріміз 30%, 50%, 70% жеңілдікпен оқиды.

Жастарымыздың бойындағы дарынын ашып, шабытын шыңдап, таланттылардың талабын қолдау мақсатында университетте студенттік шығармашылық ұйымдар, студенттік парламент, жас көшбасшылар мектебі, әдеби клубтар жұмыс жасайды.

Оған қоса «Дулати» жастар театрының өнерлі жастары биік белестерді бағындырып, өнер өресінен өз орындарын тауып үлгерді.

Сонымен қатар, студенттік телестудия шығармашыл жастарды шыңдайтын кәсіби ортаға айналды. Мұнда тек журналистика мамандығының студенттері ғана емес, өз мүмкіндігін сынап көргісі келген кез келген жас телестудия мүмкіндігін пайдалана алады. Өткен жылы Жамбыл облысы әкімдігі мен аймақтық ЖОО арасында туризмді дамыту бойынша меморандумға қол қойылған болатын. Осы меморандум аясында студенттік телестудия «Visit Taraz» жаңа жобасын көрермен назарына ұсынды. Бұл бағдарламаның мақсаты – Жамбыл облысындағы тарихи орындарды, көрнекті жерлерді таныстыра отырып, туризм саласын дамытуға үлес қосу.

Еңбекші жастарымыз қала құрылысына, қоршаған орта тазалығына да өз үлестерін қосып жүр. Жазғы маусымда жастарымыз «Студент-



тер құрылыс жасағының», «Жасыл ел» еңбек жасағының мүшесі атанып, еңбек етеді. Өткен жылы Дулати университеті республика бойынша «Үздік Жасыл ел» жасағы ретінде марапатталды. Еңбек – тәрбие көзі екені шындық. Еңбек еткен, маңдай терін төккен жас еңбекші адамның қадірін ұғады, адал еңбекпен ақша табудың мәнін түсінеді. Осы тұста ерікті жастарымыздың ерлігін де тілге тиек еткеніміз жөн. Карантин кезінде университетіміздің еріктілері халық арасында тегін қорғаныш маскаларын таратып, зейнеткерлердің зейнетақысын үйлеріне жеткізіп, мұқтаж отбасыларға азық-түлік үлестірді. Сондай-ақ, карантин талаптарын түсіндіруде бейнероликтер әзірлеп, әлеуметтік желілер арқылы таратты.

Иә, жоғарыда атап өткен жетістіктер барша ұжым еңбегінің жемісі. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып ортақ мақсатта алға ұмтылсақ жақсы нәтижеге жетеріміз анық. Алдымызда қыруар жұмыс, жаңа міндет бар.

Ауқымы артқан білім ордамыздың атқаратын жұмысы да артты.

Басты мақсат – еңбек нарығына қажетті білікті кадрлар даярлау. Ғылымның дамуына үлкен күш сала түсуіміз керек. Ғылымға бет бұрған жастарды қолдап, қанаттандыру да үлкен міндет.

Жас ғалымдарымыздың ашқан жаңалықтарын өндіріске ендіру, сол жаңалыққа деген кәсіпкерлердің қызығушылығын арттыру, өндіріс орындарынан қолдау табу үлкен еңбекті қажет ететін жұмыс.

Ғұлама ғалым, тарихшы, саясаткер, көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы, ақын Мұхаммед Хайдар Дулати атын иеленген оңтүстік өңірдегі іргелі оқу орны бүгінгі күні өрісі кеңейіп, бұрынғыдан беделді, бұрынғыдан еңселі білім ордасына айналып келеді.

Ержан ӘМІРБЕКҰЛЫ,
М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің басқарма төрағасы-ректордың м. а., экономика ғылымдарының докторы, профессор



АННОТАЦИЯ ○

Исполняющий обязанности председателя правления – ректора Таразского регионального университета имени М. Х. Дулати, доктор экономических наук, профессор Ержан Әмірбекұлы в своей статье акцентирует внимание на достижениях вуза. Он рассказывает о победах студентов в научных конкурсах, состязаниях.